

Салық басқармасының ұсынысын бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2008 жылғы 24 желтоқсандағы N 114 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Сырдария аудандық Әділет басқармасында 2009 жылы 09 қаңтарда N 10-8-82 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2010 жылғы 05 наурыздағы N 233 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2010.03.05 N 233 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңын, Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексінің 381, 383-баптарын, 387-бабын, 422-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып а у д а н д ы қ м ә с л и х а т

Ш Е Ш Е М І З :

1. Сырдария ауданына қарасты елді мекендердің жерлеріне (үй іргесіндегі учаскелерін қоспағанда), автотұраққа, автомобильге май құю станцияларына бөлінген (бөліп шығарылған) және казино орналасқан жерлерді қоспағанда, елді мекендерден тыс орналасқан өнеркәсіп жерлеріне салынатын базалық салық ставкалары 50 пайызға ұлғайтылсын.

2. Сырдария ауданының аумағындағы кәсіпкерліктің кейбір түрлерімен айналысатын салық төлемгерлері үшін салық салу бірлігіне тіркелген салықтың ставкаларының мөлшері N 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Сырдария ауданы бойынша кәсіпкерлік қызметімен айналысушы тұлғаларға базарларда, сауда қатарларынан белгіленген орындарда тауар сатуға және түрлі кәсіпкерлік қызмет көрсетуге құқық беретін бір жолғы талонның құны N 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Сырдария ауданы бойынша кәсіпкерлікпен дүркін-дүркін сипатта айналысушы жеке тұлғалардың бір жолғы талон төлеу құны N 3-қосымшаға с ә й к е с б е к і т і л с і н .

5. Аудандық мәслихаттың 2007 жылғы 10 сәуірдегі кезекті XXVIII сессиясының "Салық комитетінің ұсыныстарын бекіту туралы" N 287 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік Тіркеу тізілімінде 2007 жылғы 24 сәуірде мемлекеттік тіркеу N 10-8-44, "Тіршілік тынысы" газетінің 2007 жылғы 05 мамырдағы N 39 шығарылымында жарияланған), аудандық мәслихаттың 2008

жылғы 26 қаңтардағы кезектен тыс IV сессиясының "Аудандық мәслихаттың 2007 жылғы 10 сәуірдегі кезекті XXVIII сессиясының "Салық комитетінің ұсыныстарын бекіту туралы" N 287 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 52 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік Тіркеу тізілімінде 2008 жылғы 27 ақпанда мемлекеттік тіркеу N 10-8-62, "Тіршілік тынысы" газетінің 2008 жылғы 08 наурыздағы N 21-22 шығарылымында жарияланған), аудандық мәслихаттың 2008 жылғы 11 шілдедегі кезекті VII сессиясының "Аудандық мәслихаттың 2007 жылғы 10 сәуірдегі кезекті XXVIII сессиясының "Салық комитетінің ұсыныстарын бекіту туралы" N 287 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" N 92 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік Тіркеу тізілімінде 2008 жылғы 13 тамызда мемлекеттік тіркеу N 10-8-71, "Тіршілік тынысы" газетінің 2008 жылғы 20 тамыздағы N 67 шығарылымында жарияланған) күші жойылсын.

6. Осы шешім ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың кезекті
IX сессиясының төрағасы *С. Қаюпов*
Аудандық мәслихаттың хатшысы *А. Атақиев*

2008 жылғы 24 желтоқсандағы
аудандық мәслихаттың N 114 шешіміне
1 - қ о с ы м ш а

Сырдария ауданының аумағындағы кәсіпкерліктің кейбір түрлерімен айналысатын салық төлемгерлері үшін айына салық салу бірлігіне тіркелген салықтың ставкаларының мөлшері

Р е т N	Салық салу объектісінің атауы	Айына салық салу бірлігіне тіркелген салықтың ставкаларының мөлшері (айлық есептік көрсеткіш)
1	2	3
1	Бір ойыншымен ойын өткізуге арналған, ақшалай ұтыссыз ойын автоматы	1
2	Біреуден артық ойыншылардың қатысуымен ойын өткізуге арналған ақшалай ұтыссыз ойын автоматы	1,5
3	Ойын өткізу үшін пайдаланылатын жеке компьютер	1,5
4	Ойын жолы	5
5	Карт	2,5
6	Бильярд үстелі	3

2008 жылғы 24 желтоқсандағы
аудандық мәслихаттың N 114 шешіміне
2-қосымша

**Сырдария ауданы бойынша кәсіпкерлік қызметімен айналысушы
тұлғаларға базарларда, сауда қатарларынан белгіленген орындарда тауар
сатуға және түрлі кәсіпкерлік қызмет көрсетуге құқық беретін бір жолғы
талонның құны**

Р е т N	Бір жолғы талон негізіндегі кәсіпкерліктің тізбесі	Құны (теңге)
1	Азық түлік саудасы	
	Жүк автокөліктерімен сату	480
	Жеңіл көліктерден сату	240
	Сөреден сату	50
	Қолдан сату	40
2	Өнеркәсіп және құрылыс заттары өнімдерін сату	
	Жүк автокөліктерімен сату	420
	Жеңіл көліктерден сату	280
	Сөреден сату	60
	Қолдан сату	55
3	Мал және мал азығы	
	ірі қара	120
	Басқа үй жануарларын сату	40
	Құс сату	15
	Сүт өнімдерін сату	10
	Ет және ет өнімдерін сату	120
	Бақша өнімдерін сату	
	Жүк автокөліктерімен сату	240
	Жеңіл көліктерден сату	120
	Сөреден сату	40
	Қолдан сату	35
	Нан өнімдерін сату	30
	Салат сату	30
	Балмұздақ сату	40
	Газдандырылған сусындар сату	25
	Шемішке сату	10
	Жұлдызнамаларды және бал ашуларды құрау жөніндегі қызмет көрсетулер	50
	Халық тұтынатын тауарларды жәрмеңкеде сату	50
	Аралап тамақ өнімдерін сату	25
	Жылқы және түйе малдарының өнімдері (қымыз, қымыран)	30

	Үй құстарының жұмыртқасы	15
	Қолдан дайындалған құрт-май сату	20
	Кесек сату	100
	Арбамен отын сату	20

2008 жылғы 24 желтоқсандағы
аудандық мәслихаттың N 114 шешіміне
3-қосымша

Сырдария ауданы бойынша кәсіпкерлікпен дүркін-дүркін сипатта айналысушы жеке тұлғалардың біржолғы талон төлеу құны

Р е т N	Бір жолғы талон негізіндегі кәсіпкерліктің тізбесі	Құны (теңге)
	Қызметі дүркін-дүркін сипатта болып, қызметтің түрлері	
1	Газет журналдарды қолдан сату	30
2	Көшеттерді, тұқым, сондай-ақ отырғызу материалдары (тікпе көшет, көшет) сату	40
3	Көкөніс өнімдерін сату	70
4	Саяжайларда үй жанындағы участоктарды өсірілген табиғи гүлдерді сату	30
5	Қосалқы ауыл шаруашылығындағы, бау-бақшалық және саяжайлық учаскелеріндегі өнімдерін сату	50
6	Малға, құстарға арналған жемдерді сату	30
7	Сыпырғыш, сыпыртқы, орман жемістері, бал, саңырауқұлақ, балықтар сату	70
8	Жеке трактор иелерінің жер учаскелерін өңдеу, жырту қызметі	300
9	Үй жануарларын, құстарын бағу	100